

№ 14 дәріс

Тақырыбы: ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ГРАФИКАСЫН БІРДЕЙЛЕСТІРУ ТУРАЛЫ

Дәрістің мақсаты: Түркі халықтарына ортақ жазу керек екендігі туралы мәлімет беру. Түркі тілдері әліпбиінде жеке дыбыстық ерекшеліктерді бейнелейтін таңбалармен таныстыру. Қазақстанның латын әліпбиіне көшу туралы пікірлерімен ой бөлісу.

Дәрістің жоспары:

1. Түркі халықтарына ортақ жазу.
2. Түркі тілдері әліпбиінде жеке дыбыстық ерекшеліктерді бейнелейтін таңбалар.
3. Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі туралы пікірлері.

1. Түркі халықтарына ортақ жазу үлгісін жасау, ортақ әліпби проблемасы - қай ғасыр түркітанушыларының болсын ойлаңдырған мәселесі. Ортақ әліпби, бір графика кеңес үкіметі орнаған кезден бастап көзделгенмен, араб графикасында да, латын жазуында да, орыс графикасында да шешімін тауып оңтайластырылған жоқ. Оның себебі - түркі халықтарының бір-бірінен оңаша, өзара қарым-қатынассыз алфавит құру ісіне кірісіп кеткендігі, қорытылған үйлестіру принципі, ортақ келісімсіз, бір-бірінен қол үзген жағдайда әліпбилер жасалғандығы болды.

Жалпы XX ғасыр басында Кеңес Одағы құрамында өмір сүріп жатқан 130 халықтың 60-ында ғана жазу болды. Олардың алдында жазуды жетілдірудің мынадай үш жолы тұрды: 1) бұрынғы жазуды жөндеу; 2) латын графикасына көшу; 3) орыс алфавитін алу.

Түркі халықтары бұл үш кезеңді де басынан өткерді. Әзірбайжандар латын графикасын бірінші болып қабылдады. Өйткені 20 жылы алынған санақ бойынша, қалалық әзірбайжандар басқа түркі халықтарына қарағанда көп, ал сауаттылығы аз болған. Әрі әзірбайжан халқы араб графикасын реформаламай, оның қиындықтарын көп тартып келе жатқан еді. 1926 жылы Бакуде өткен түркологиялық конференциядан кейін латын графикасына көшу күшті қарқын алып кетіп еді. 1930 жылы өткен жаңа әліппешілердің конференциясында түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру туралы мәселе кеңінен қаралады. Әліпби бірлестірудің негізіне екі жолдың бірін алуға болады: бірі - үндестік заңы, екіншісі - түркі дыбыстарының сәйкестік заңы, ал түркі халықтарына ортақ өзгермейтін әріптер болып: *a, B, d, e, g, k, , l, m, n, h, o, p, z, s, t, u, v, z, ь, i* - 22 әрпі саналады.

Барлық түркі тілдеріне 39 унификацияланған таңба белгіленгенді, оның 25-і латын әріптері: *a, B, c, d, e, g, f, h, l, i, k, l, m, n, o, p, q, z, s, t, u, v, x, y, z* және осы латын жазуына негізделген әр түркі тілдерінің спецификалық дыбыстарына арналған 14 қосымша таңба. Қазақ-латын әліпбиінің құрамына карап отырып, жалпы латын алфавиті барлық түркі халықтарының төл

дыбыстық құрамын дәл беруге келгенін, проблема тек кірме сөздердің емлесіне қатысты шыққанын көруге болады.

К.М.Мусаев егер кириллицаға көшкен кезде осы унификацияланған әліпбиді механикалық түрде транслитерация жасағанда, онда қазіргі түркі әліпбилерінде 26-дан 35-39 дейінгі аралықта әріптер саны болар еді дейді. Өкінішке орай, үйлестіру принциптерінсіз, ортақ келісусіз, бір-бірінен қол үзген жағдайда жасалған әліпбилерде «имеют между собой много расхождений - для обозначения некоторых одинаковых звуков в разных языках приняты различные знаки, в ряде языков для обозначения двух или нескольких звуков и даже сочетаний звуков использован один знак». Егер латын әліпбиі барлық түркі тілі үшін 39 таңбамен шектелсе, кириллицаға келгенде барлық әліпбиде 74 таңба болды. Дыбыс саны - 39. Орыс жазуына көшкен- де 21 таңба латын алфавитінен транслитерация жасалды. *я, е, ю, е, и* - сияқты қосар әріптер де түркі әліпбилерінің біріне енді, біріне енбеді.

Әліпбидегі ала-құлалық жазу принципіннің түріне қатысты да шықты. Мысалы, бір бағыт фонетикалық принципті, бір бағыт жазуда тек фонеманы таңбалау керек деп тапты.

К.М.Мусаев орыс әліпбиіндегі шарттылықтардың бәрін қабылдамай, *я, е, э, ю* әріптерінің орнына *иа, иэ, ио, иу* қосар әріптерін жазуды, бірдей фонема үшін ортақ бір әріп алуды, *щ, ц, ь, ъ* әріптерін қабылдамауды, әр әліпбидегі *н, нг, нь* орнынан *ң, ал у, уь, ю/у* таңбаларының орнына ү таңбасын қабылдауды ұсынады. Сонда 10-11 дауысты, 29 дауыссыз әрпі бар мынадай ортақ әліпби шығар еді дейді: *а, ә, е, ы, и, і, о, ө, у, ү, б, в, г, з, д, дь, жс, жз, з, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, с, т, у, ф, х, (һ), ч, ш, ь, ц (тс), щ (шч)*.

Автордың ұсынған әліпбиінен қазақ әліпбиінің екі-ақ әріп таңбасында айырма бар. Ол: /у/-мен <ү>-ны, /х/- мен [һ]-ны белгілеу және *я, ю, е, ь* әріптерінің жоқтығы. Жалпы, басқа түркі халықтарының жазуына қарағанда қазіргі қазақ графикасы тілдегі барлық фонемалар таңбасы бар, белгілі дәрежеде жетілген әліпби ретіндесе мойындалғаны рас.

Қырғыз жазуының 1926-1928 ж.ж. әліпби құрамында *е, ү, и* фонемалары үшін қыбачы белгісі болған. Бұл дәйекше қызметі де кірме сөздерді түпнұсқа принципімен жазу үшін әліпбиден 1928 жылы шығарылып әліпбидегі әріп саны 24-тен 31-ге жеткен. Ал орыс графикасына негізделген қырғыз әліпбиінде 36 әріп болды. Оның үшеуі қырғыз тілінің төл фонемаларының таңбалары болды да (*ц, о, ү*), ал *к (қ, к), г (з, з), жс (жс, жс), е (э, е)* таңбалары екі фонеманы берген, кос мәнді әріптер болды. «к, г употребляется для обозначения двух фонем, имеющих три варианта по твердости и мягкости: 1) глубокозадняяязычные [кь], [гь]: *куллу (замок), тамга (буква)*; 2) задняяязычные [к], [г]: *клуб, газета*; 3) средняяязычные *куллет, теигет* [к], [г]. Ж әрпімен қырғыз тілінде тіл арты <ж> (*жол, жайлоо*) және кірме сөздердегі <ж> (*жанна*) белгіленді. *һ, э, і, ү* таңбалары әліпбиде болмады. Сонымен, қырғыз әліпбиін жетілдіру үшін *қ, ғ, ң* әріптерін енгізу; и әрпінің емлесін бірізді ету керек делінді: *айуу (аюу емес), койон (коен емес), айоосуз (аесуз емес)*.

Ал өзбек әліпбиінде мәселе тіптен күрделі болды. Алғашында әліпбиде 34 таңба болды. Кейін 1934 жылы 9 дауысты әрпінің орнына 5 әріп қалдырылды; олар: а-ә, ы-и, ү-ү, о-ө, е. Бұл өзбек тілі сөйлеу нормасына айтарлықтай әсер етті. Орыс графикасын қабылдағанда әріп саны 40-қа жетті. Көпшілік ішінде щ, ц, ы, е, ю, я әріптерін әліпбиден алып тастауды, /ц/-ны /тс/, /щ/-ны-/шч/, / /-ны-/иє/, /ю/-ды /йу/, / я/-ны /йа/, /к/-ны /к/, /ғ/-ны/г/, /х/-ны /h/-мен беруді ұсыну- шылар көп болды.

1940 жылы мына алфавит құрамы бекіді: а, б, в, г, д, е, ё, ж, з, и, й, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, ф, Х, ц, ч, щ, ь, ь, э, ю, я, қ, ғ, х. Әліпбидің мынадай кемшіліктері көрінді: <а> фонемасын - о әрпімен беру, <ң> фонемасын нг әріп тіркесімен беру (кейде н дыбысына аяқталған түбірге барыс септігі жалғанғанда [ң] болып оқылды: *танга-таңа*); и әрпінің үш дыбысты қатар беруі (и-<ы>, <і>, <й>); о әрпінің болмауы, мысалы, *була сөзін бола және бөлө деп те оқуға болады*.

Ал татар әліпбиінде төл дыбыстық ерекшелікті көрсететін б әріп (*ә, ө, ү, ж, ң, һ*) болды. Жуан төрт дауыстының (*а, о, у, ы*) таңбасы маркерлік қызмет атқарды. Олар көбіне к, г әріптерінің жуан екенін білдіреді. Мысалы, *каләм, хакыйкәтә, кәгазә, гомер, иагыйрьә, фигыльә*. Сондықтан *а, о, у, ү, ы* әріптері инвариант фонеманы таңбалайтын, көпмәнді әріп қатарына жатты. Мысалы: а әрпі еріндік [а] (*арба*) мен езулік *Іурам*) [а]-ны, ө әрпі жіңішке [о] мен жуан [о]-ны (бұл кірме сөздерде), у әрпі [у] және [ʉ], ү әрпі [ү] мен [ʊ] дыбыстарын берді. э әрпімен сөз басында [е]-ні (*элементә* [елемтә]), аслаут буын соңында *тәэмин* [тәмин], *магмай* [мамай], кірме сөздердегі [э]-ні (*электр, поэзия*) берген. Е әрпімен [и] дыбысын ([жи- тен]), кірме сөздерде жуан [е] дыбысын (*тема, трест*), және [иы] дыбысын: *ел* [иыл], *еш* [иыш], *каен* [қайын], *уен* [уйын], *быел* [быйыл], сондай-ақ [ие] дыбысын: *беек* [бейек], *чае* [чәйе] берген. Ал [ү] дауысты- сынан кейін [е] жіңішке тіл алдыны береді: *келүе* [келуі], *биюе* [биүі]. И әрпімен [и] (*ил, ирек*), *және* [йй] (*сый, тыйнак*) дыбыстары таңбаланды. Ю әрпімен [иу] (*юл, юрган*), [иү] ([иүкә]-/окә, *кию*-[қи\), [у] (*революция*) ды- бысы берілді. Я таңбасымен [йа] (*ял, яңа*), [йә] (*яшел* [иәшел], *янәшә* [иәнәшә]) дыбыс тіркесі таңбаланды. В әрпімен [ʋ] ([үүақыт]), [ісәзир], [в] ([вокзал]) берілді. /в/ әрпін <у> орнына қолдану, қ, ғ таңбаларының жоқтығы татар тілі орфоэпиялық нормасын бұзды.

Сонымен, 34 әріп барлық 18 түркі тілдес халықтардың әліпбиінде болды. Тек әр тілдегі мәні көбейді, өзгерді. Мы- салы, а әрпі әзірбайжан әліпбиінде орыс тілінің <а> фонемасын, өзбек алфавитінде лабиалды [а]-ны, қарақалпақ жазуында жіңішке [‘а]-ны берді. /б/ - алтай тілінде қатаң болып айтылды. /һ/ - әрпі 12 әліпбиде ғана болды. Қарашай-бал- қар, ноғай алтай, шор, хақас әліпбилерінде болмады. /һ/ - тек әзірбайжан әліпбиінде болмады. /і/- қарақалпақ, қазақ, ноғай әліпбилерінде ғана <і>-ні таңбалады, қалған жазуларда <и>-ді берді. ө әрпі тек өзбек тілінде болмады. Қазақ, қарақалпақ әліпбиінен /ә/ әрпін алып тастауды ұсынған пікірлер болды. Себебі ә әрпі сирек қолданылады және араб, парсы тілінен енген сөздерді белгілеуде ғана керек делінді.

2. Жалпы түркі тілдері әліпбиінде жеке дыбыстық ерекшеліктерді бейнелейтін барлығы 33 таңба болыпты. Бірақ бұл алшақтықты 10 әріппен бірдейлестіруге болған дейді проф. К.М.Мусаев. Олар: *ө, ү, ә, ы, і, з, қ, ң, х*. Мысалы, қазақ тіліндегі *қ, к, з, г* әріптері татар, қырғыз, түркімен әліпбиінде /к/, /г/ деп белгіленсе, балқар, қарашай, құмық тілдерінде *к, къ, г, гъ*, ал кабардин-черкес тілінде <к>-ның бір реңкі *кхъу* деген тіркеспен берілген.

Бүгінде түркі жазба коммуникациясында графиканың үш түрі пайдаланылады: араб, латын, кириллица. Түрік ЖТ 1928 жылы латын графикасына көшті. Ал бұрынғы кеңес одағындағы түркі халықтарына латын-ағылшын стандартына көшу белесі түр. Әзірбайжан, өзбек ЖТ латын әліпбиін қабылдады. Алайда мұнда да өткен сабақ ұмытылып, әр халық өз бетінше жаңа жазуға көшіп келеді. Түркі халықтарының ортақ әліпбиін көздеу ешқай тілде тағы да күн тәртібіне қойылып отырмаған сияқты. (Академик Ә.Қайдардың жаңа дәуір басында түркі халықтарының жазуына арналған 34 әріптен тұратын алфавит жобасын ұсынғаны белгілі).

Мысалы, түрік ЖТ-да 29 әріп қолданылады. Оның 8-і дауысты фонеманы таңбалайды: *а, е, э <ы>, і <и>, о, о <е>, и <у>, и <ү>*. Яғни түрік тілінің өзіне тән дауыстылары латын-ағылшын стандартында жоқ *э, о, и* таңбаларымен беріледі. Сондай-ақ 20 дауыссыз фонема таңбаларының ішінде *С [че], ғ [шэ]* әріптері латын әліпбиінен тыс алынып отыр, яғни неміс, француз жазуларындай бұл фонемаларды 2-3 әріп тіркесімен емес, бір таңбамен береді. Сол сияқты түрік тіліндегі анық естілмейтін, бірақ созылыңқылықты немесе [ғ]-ның көмескі айтылуын *р* - әрпі таңбалайды.

Сөйтіп, түрік әліпбиі тілдің өзіндік ерекшелігін білдіретін 6 әріпті енгізген, латын-ағылшын стандартының 23 әрпін ғана пайдаланған графика болып табылады. Және латын алфавитінің кейбір әріптерінің мәнін өзгертіп қолданған. Мысалы, латын алфавитіндегі <с>, <к> фонемаларын беретін *с* әрпін <дж> фонемасына, *э* әрпін <ж>, *у* әрпін <и> фонемасына алған.

Сонымен, қорыта айтқанда, қазіргі қазақ графикасы мен емлесінде заңдастырылуы қиындық тудыратын проблемалар қатарына *ә* әрпінің орфограммасы; *ы, і* әріптерінің таңбалануы; *х, н, ф* әріптерінің графемдік мәртебесі; *и, у* әріптерінің жазылуы; бас әріптің таңбалануы; бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы; шеттілдік сөздердің қосымшалану тәртібі; халықаралық, терминдік сөздердің жазылуы кіреді.

ы, і қысандарының фонемалық қасиетінен бөтен, қазақ тілінің буын сатысынан қалған дауыссыз дыбыстың жуан-жіңішкелігін білдіретін немесе екі дауыссыз дыбыс ортасында міндетті түрде бір дауысты жазылу керек деген идеяны ұстану үшін таңбаланатын қосымша функциясы бар. Қазақ орфографиясында *ы, і* әріптерінің осы екі қызметі сараланбай емледегі бір проблема қордаланып отыр.

а/ә вариантты сөздердің әдеби нормасын таңдауда жуан вариантты кейбір сөздер негізсіз заңдастырылған: *әжім- ажым, әжуа-ажуа, бәйшешек- байшешек, ардайым- әрдәйім, жайт-жәйт, абыржу-әбіржу, абыыр-әбүйір*.

Тілде бар дыбысқа сай *h, x* әріптерінің қызметін беретін бір әріптің әліпбиге ену уәжі бар. Оған жазу дәстүрі үшін алынған *х* әрпінің айырмыс

қызметін де (негізгі қызметі - кірме сөздің жазу дәстүрін сақтау): *хан-қан (адамның қаны), халық-қалық (артта қалу), хал-қал (мең), хақ-қақ (қақ ортасы), хош иіс-қош (сау бол)* сидыруға болады.

ЖТ-ның тұрпат межесін нормалау үшін орфографиялық сөздік түрі ойластырылды. Сөздіктің негізгі мақсаты ЖТ-да қолданылатын сөзбірліктердің таңбалану нормасын заңдастыру болғанмен, оның әдеби тілдің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық варианттарын екшеу, ауызекі тіл элементтерін нормалау, термин сөздердің, кәсіби, жергілікті сөздердің жазылуын көрсету сияқты қосалқы міндеті бар. Сондықтан

ОС - әдеби тілдің емле сөздігі, әдеби тілдің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық нормасын заңдастырушы, тілдің сөздік қорының реестрі, түсіндірме, анықтамалық, екітілді аударма, терминологиялық, синонимдер, антонимдер, омонимдер, фразеологиялық, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы сөздіктердің жобасы болып табылады. Сол себепті тілдегі қандай да бір сөздік түрінің сапасы сол тілдің ОС-ның сапасына байланысты болады.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтар Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде *«Қазақ әліпбиін латынга көтіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі, коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдық ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен миустарын зерделеп алуымыз керек»*, - деген болатын.

Мемлекет басшысының осы айтылған тапсырмасына байланысты Білім және ғылым министрлігі нақты шараларды қолға алды. Атап айтқанда, латын әліпбиіне көшкен елдердің тәжірибелерін саралап, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі зерттеулерге байқау жариялап, осының негізінде тапсырманы орындаушы бас мекеме А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты болып бекітілді. Ал жекелеген тапсырмаларды орындаушы ретінде Философия және саясаттану, Шығыстану, Тарих және этнология, Әдебиет және өнер, Экономика, Информатика және басқару институттары қатысты. Аталған институт ғалымдарынан уақытша шығармашылық топ құрылып, зерттеулер жүргізілді.

Осы бағытта Білім және ғылым министрлігі латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу тәжірибесін саралау мақсатында Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстанға кешенді ғылыми экспедиция ұйымдастырды. Экспедицияға барған ғалымдар аталмыш үш елде басқару жүйесінің адамдарымен, беделді ғалымдармен, жазушылармен, зиялы қауым өкілдерімен және Қазақстаннан барған студенттермен кездесіп, латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу бойынша Қазақстан үшін қажетті ақпараттар жинады.

Түркияда біртұтас түрік кеңістігін қалыптастыру идеясы мен жаңа әліпбиге үйрету арқылы халықты жалпы сауаттандыру мәселесі бірінші

орында тұрды. Сонымен қатар батыс технологиясы мен мәдениетіне жақындау латын графикалы жазуды қажет етті. Латын графикасына көшу процесі астананы ауыстыру, білім саласында өзгерістер енгізу және жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру сияқты елдегі саяси реформалармен тығыз байланыста жүргізілді және осы бағытта шешуші рөл атқарды.

Түріктер негізгі күшті әкімшілік жүйеге салып, мемлекеттік басқару саласы мен ісқағаздар жүргізуді жаңа әліпбиге қысқа мерзімде көшірді (1928 жылдың маусымы - қарашасы). М.К.Ататүріктің табандылығы мен өзінің белсене кірісуі халықтың жаңа жазудың болашағына деген сенімін күшейтіп, рухтануына түрткі болды.

Жаңа әліпби негізіндегі түрік жазуы кірме сөздерді игеруде күшті механизмге айналды. Ұлттық тілге қызмет ететін жазу жүйесі қалыптасып, шет тілдерден енген сөздерді түрікше айтылуы бойынша хатқа түсірді.

Әзірбайжан Республикасы өз тәуелсіздігін сақтау және ұлттық бірегейлігін нығайту үшін түрлі саяси-экономикалық қиыншылықтарға қарамастан, 1992-2001 жылдар аралығында латын графикасына көшті. Түркі дүниесіне ортақ латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиді қабылдау арқылы бауырлас елдермен мәдени қатынастарды жақсартуды көздеді. Әзірбайжан тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген жаңа әліпби бұрынғы кирилл жазуында қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылуға септігін тигізді.

Латын графикасын қабылдау егемендік алған жаңа мемлекетте ұлттық сананың көтерілуі, өз рәміздері мен ұлттық нақышын белгілеу секілді жемісті үдеріс ретінде қаралып, бұған қарсылық танытқан әртүрлі саяси топтардың әрекеттері мемлекет тарапынан тойтарылып отырды.

Жаңа әліпбиге көшудің бірнеше кезеңдері болған:

1. орта мектептерде 1-сыныптан бастап жаңа латын әліпбиін үйрету, оқыту;
2. бес жылдан кейін жаңа әліпбиге мемлекеттік қызметкерлерді көшіру;
3. латын графикасы негізінде баспасөз өнімдерін шығару.

2001 жылы латын графикасы негізінде білім алған орта мектеп түлектерінің алғашқы буыны бітірген кезде республика Президенті Г.Әлиев жаңа әліпбиге көшу туралы ресми Жарлыққа қол қойды.

Ескі жазу жүйесінен жаңа әліпбиге көшу кезінде түрлі жетістіктермен қатар кемшіліктер де болған. Атап айтқанда: латын графикасында жазу-сызуға дағдыланған мұғалімдердің жетіспеушілігіне байланысты оларды білім жетілдіру институттарында тез арада қайта сауаттандырды; латын графикасына көшу кезеңдерінде мерзімді басылымдар саны күрт қысқарды, бірақ екі-үш жылдың ішінде бұл жағдай қалыпқа түсті; латын жазуына үйрететін курстардың тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы аға буындардың жаңа жазуды меңгеруін тежеді, ал жастар тез арада латын әліпбиіне бейімделді. Жазба мәдени мұра нұсқалары латын графикасына әлі күнге дейін көшіріліп жатыр. Сондықтан университеттерде кирилл және латын қаріптері қатар қолданылды.

Өзбекстан латын графикасы негізінде жаңа әліпбиге басқаша көшті. Ресми көзқарас бойынша, бұл сәтті жүргізілген реформа деп саналғанымен, бейресми мәліметтер бұл реформаға қатысты теріс көзқарастардың да бар

екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде Өзбекстанның жаңа әліпбиге көшудегі ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1. өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилше әліпбиде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды;

- жаңа әліпби өзбек жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына әсерін тигізді.

Кемшіліктері:

2. тіл мамандарының жеткілікті, белсенді қатыстырылмауының салдарынан өзбек әліпбиі төрт рет өзгертілді. Сондықтан да болар, алғашқы жоба бойынша латынға көшу 2005 жылдың аяғына дейін аяқталу тиіс еді, бірақ оны 2010 дейін созды.

3. жаңа әліпби Интернет желісіне қолайлы болу керек деген принцип негізге алынып, бір дыбысты екі әріптің тіркесімен таңбалаған.

Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге кешуі туралы шетел зиялылары өз пікірлерін де білдірді.

Қорыта келгенде, түркі елдеріндегі латын графикасы негізіндегі әліпбилердің ерекшеліктерін салыстыру нәтижесінде төмендегідей тұжырымға келуге болады:

- жаңа түрік әліпбиінде халық тілінде кездесетін **ң, н** тәрізді бірнеше дауыссыз дыбыс әліпби құрамында таңбаланбай қалған;

- Әзірбайжан тілінің қазіргі әліпбиіндегі бір ерекшелік - кирилше жүйедегі **ә** әрпінің латын графика негізіндегі жаңа әліпби құрамына енгізілуі;

- өзбектердің жаңа әліпбиі Интернет жүйесіне негізделіп, бір дыбысты екі таңбамен белгілеген.

Қазіргі қазақ жазуын латын графикасына көшірудің негіздері мен болашақ даму перспективасы да зерттелді. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау ісіне мемлекеттік көлемде дайындық жүргізілді.

Бірінші, Қазақстандағы қоғамдық пікірге талдау жасалып, әлеуметтік сауалнама нәтижелері сарапталды. Мұның нәтижесінде халықтың көбі жаңа жазуға көшуді қолдайтыны белгілі болды.

Екінші, Қазақстанның 1929-1940 жылдардағы латын графикалы әліпбиді қолдану тәжірибесі де зерттелді.

Үшінші, тіл мамандары әліпби жобаларын бағалауда мынадай негізгі белгілерді басшылыққа алды:

- латын әліпбиінің қорындағы таңбаларды ғана пайдалану (бөтен графикалық таңбаларды енгізбеу);

- әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі дыбыстардың (фонемалардың) санынан алшақ болмауы;

- басы артық таңбалардың, белгілердің болмауы;

- латын жүйелі әліпбиде иероглиф жүйесіндегі болмаса дәйекше тәрізді араб жазу жүйесіне тән басқа графикалық элементтердің болмауы;

- бір әріпті бір таңбамен белгілеу;

- аса қажет болған жағдайда қалыптасқан стандартты таңбаларды пайдалану.

Осы белгіленген мақсаттар мен міндеттер негізінде 1993 жылдан бері бүгінге дейінгі баспасөздерде жарияланған және тиісті орындарға келіп түскен жүзге тарта жоба саралаудан өткізілді. Іріктеліп алынған 4 жоба жетекші тіл кафедраларының қатысуымен талқыланды. Аталған жобалардың ішінде осы сараптаулар барысында әлемдік латын графикасы негізіндегі жазулардың теориялық және практикалық жетістіктеріне, ұлттық тілдің дыбыстық жүйесіне сүйене отырып жасалған тілші-мамандардың 1-жобасы негізгі жоба болып отыр.

Сонымен бірге мамандар Қазақстанның латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуіне арналған мемлекеттік бағдарламасының үш нұсқасын ұсынып отыр. Олар бір-бірінен орындалу мерзімдерінің және қаржы көлемінің әртүрлі болуымен ерекшеленеді: бірінші жоба бойынша латын графикалы жазуға ауысу ісі, біріншісі - 3 жылға, екіншісі - 5 жылға, үшіншісі бойынша 7 жылға жоспарланып отыр. Осы жобалардың Қазақстан үшін тиімдісі мемлекеттік деңгейде ұйымдастырудың және қаржыландырудың ыңғайына қарай шешіlmек.

Сонымен, Білім және ғылым министрлігі бірнеше айдың ішінде қазақ жазуын реформатаудың, латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшудің ғылыми негіздерін, мемлекеттік бағдарламасын, шетелдердің тәжірибесін зерттей келе, бұл шара жүзеге асырылып жатса, қай бағытта қандай ғылыми негіздер басшылыққа алыну керек, қандай концептуалдық принциптер ұстанылу керек деген басты мәселелерді айқындап берді.

Аталмыш мәселелер бойынша жүргізілген алғашқы зерттеулердің ғылыми нәтижелері Үкіметке қолжазба құқығындағы кітапша түрінде дайындалып ұсынылды, сондай-ақ осы кітапшада зерттеудің мұрағаттық материалдары (Қазақстандағы әліпби реформаларына қатысты құжаттар) мен көрнекіліктері (түрлі-түсті слайдтар) жинақталып реттелді («Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары», «Материалы научных исследований по переходу казахского алфавита на латинскую графику» (*проведение научных исследований по переходу казахского письма на алфавит на основе латинской графики с изучением опыта Турции, Узбекистана, Азербайджана и других стран*) Алматы, 2007. - 178 с.).

Қорыта келгенде, Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі экономикасы дамыған отыз елдің қатарынан орын алу ісіне, мемлекеттік тілдің ұлттық бет-бедерін сақтап қалуға, түбі бір туыс түркі халықтарымен рухани-мәдени жақындасуына, электронды ақпарат құралдарын жылдам игеруге оң ықпал етеді.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Түркі халықтарына ортақ жазу қандай?
2. Түркі тілдері әліпбиінде жеке дыбыстық ерекшеліктерді бейнелейтін таңбаларды атаңыз?
3. Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі туралы қандай пікірлерді юілесіз?

